

қатынастардың тұратын басқару ішкі жүйесі ретіндегі мектепке қатынасы.

Кілт сөздер: білім беру, мектеп, білім беру жүйесі, еңбек, қызметкерлер, мектеп әкімшілігі, қызметкерлері, басқару қызметкерлері, оқытылған персонал, басқару командасы.

FTAХР 04.51

І. Әйтiмбет¹, Л. Қасымова¹

¹ *Сулейман Демирел атындағы университет, Қаскелен, Қазақстан*

«БІЛІМГЕРЛЕРДІҢ ЖЕКЕ ТҰЛҒАСЫНЫҢ ДАМУЫ» МӘСЕЛЕРІ (СОЦИОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕРДІҢ ДЕРЕКТЕРІ НЕГІЗІНДЕ)

Андатпа: Мақалада СДУ студенттерінің білімалу, мамандықты игерумен қатар өмірдегі тіршіліктерінің көптеген маңызды қырлары социологиялық зерттеулер арқылы көпшіліктің назарына алғашқы рет ұсынылып отыр. Солардың ішінде оқу процесіндегі және де одан тыс студенттердің қоғамдық қатынастары, университеттің ұтымды құндылықтары, тұлғалық қасиеттерді дамытумен қатар ұжымдық, көпшіліктік қасиеттерді игеру мәселелері нақты деректер арқылы баяндалаып, талданады. Сонымен қатар кенестік кезеңде мүлдем ескерілмейтін салалардың өмір аренасына шығып, тұтыным деңгейіне көтерілгенін осы сауалнама арқылы көріп отырмыз.


Кілт сөздер: Тұлға, құқық, пікір, шығармашылық, экономикалық, білім алу, оқу процесі, құндылықтар, отбасы – шаруашылық, арақатынас.

СДУ әкімшілігінің тапсырмасымен 2016 жылдың ақпаны мен сәуір айларында «Социологиялық талдау және болжау» (SAP) ғылыми-зерттеу зертханасы университеттің студенттерінің білім алу процесімен қатар басқа да әлеуметтік мәселелері туралы олардың пікірін білуге арналған сауалнама жүргізді. Университет әкімшілігінің бұл қадамы қазіргі заманауи білім беру жүйесіне сай. Оның дәлелі ретінде ҚР БҒМ аттестациялау және де тәуелсіз халықаралық аккредитацияның талаптарының негізгі көрсеткіштерінің бірі осындай білім процесіне қатысты барлық субъектердің пікірін біліп, соларды талдап, келтірілген мәселелерді шешу шараларын қалыптастыру. Сауалнама онлайн режимінде жүргізілді және де арнайы есептеу бағдарламасымен өңделді. Сауалнаманы ұйымдастыруға және де ақпараттарды есептеуге инженер факультетінің 2 курс студенттері тартылды. Әкімшілік тарапынан қолдау көрсетіліп Бекенов Абылайға (2EN-04-B) 3 ай мерізіміне ректордың стипендиясы тағайындалды.

Біздің мақалада қарастырылатын мәселеміз «**Білімгердің жеке**


тұлғасының дамуы» туралы қазақ тілді студенттердің пікірлері болмақ.
Енді нақты сұрақтарға берілген жауаптарды талдайық.

1. Университетте әр түрлі клубтардың бар екенінен хабарыңыз бар ма?
(161 ответ)



Бұл сұраққа 161 студент жауап берген. «Ия» деп жауап берген студенттер саны 149 ол жалпы қатысушылардың 92,5% құрады. Ал, «Жоқ» деп берген студенттер саны 12 және 7,5% құрады. Студенттердің жауаптарына сараптама жасар болсақ, олардың абсолюты басым көпшілігінің университеттегі клубтар туралы хабардар екенін көреміз. Бұл, әрине, қуанарлық жай. Дегенмен де, келесі сұрақтарға берілген жауаптар бұл мәселенің күрделілігін көрсетеді.

2. Бір клубтың мүшесісіз бе? (161 ответ)



Бұл диаграммаға қарап, 161 студенттің жауап бергенін көреміз.

- ✓ Ия, белсенді – 21,1%, 34 студент жауап берген.
- ✓ Ия, анда санда – 32,9%, 53 студент жауап берген.
- ✓ Жоқ – 46%, 74 студент жауап берген.
- ✓

Бұл сұраққа жауап арқылы студенттердің тек әрбір бесіншісі ғана белсенді екенін, ал әрбір үшіншісінің жаубын «иә , белсенді» мен «жоқ»

дегенге тең бөлуге болады. Ал «жоқ» дегендердің саны белсенділерге қарағанда төртесе артық болып тұр. Бұл көрсеткіш осы мәселені арнайы терең зерттеу керектігін алға тартып отыр.

✓ Бұл сауалнаманы Сүлейман Демирел атындағы университетінің 2 курс студенттері Қайынбаева Ғазиза мен Рсалиев Жомарт 1 курс пен 4 курс арасында жүргізді және де алған деректерді компьютерлік бағдарламада есептеді.

✓

3. Егер ешқандай клубтың мүшесі болмасаңыз, себебін атауыңызды өтінеміз

(112 ответов)



112 студент жауап берген.

✓ Уақытым жоқ, бар уақытымды оқу алады – 57 студент жауап берген, ол 50,9% құрайды.

✓ Маған қызық емес – 41 студент жауап берген, ол 36,6% құрайды.

✓ Клубтардың жұмысы жаман ұйымдастырылған- 4 студент жауап берген, ол 3,6% құрайды.

✓ Басқа – 10 студент жауап берген, ол 8,9% құрайды.

Бұл жауаптарға қарасақ, осы сұраққа жауап берген студенттердің тең жартысының сабақтан қолдары босамайтындығын, ал 40% клубтардың жұмыстары қызықтырмайтынын және жаман ұйымдастырылғанын алға тартады. Осы мәселелермен айналысатын Департамент осы жауаптарға байланысты зерттеулер жүргізіп, шаралар қолданулары керек.

4. Клубтардың жетілуі үшін қандай тілектеріңіз, ұсыныстарың

(21 ответ)

✓ Қаражат бөлінуі керек басқа ЖОО-дарындағыдай.

✓ Жаңа клуб қажет.

✓ Жетілгенде жоғары биікке қарай самғай берсін, клубтардың көп болғаны күшті.


✓ Студенттерге шектеулерді қоймау.

- ✓ Жауапкершілік көбейсе.
- ✓ Көп активитилер жасасын ашық формада.
- ✓ Сабақ кестесін ыңғайлап қойса. Сабақ көп.
- ✓ Мұғалімдерден клубқа деген жақсы көзқараста болып, қолдау көрсетсе.
- ✓ Әр клубқа жеке еркіндік беру.
- ✓ Қазір студенттерді клубтар қатты қызықтырмайды.
- ✓ Жарнамалар жасау.

Бұл сұраққа 21 білімгер жауап берген. Оның үштен бірі клубтардың жұмысына көңілі толады. Ал, қалған бөлігі университеттен қаржылай көмек бөлінуімен қатар, мұғалімдерден де қолдау көрсетілуі керек екенін айтады. Қорытындылай келе клубтардың өз жұмыстарын өзгертуін және жарнамалауын күшейтулерін ұсынған.

5. Университеттегі моральдық адамгершілік атмосфераны қалай бағалайсыз?

(157 ответов)



Сұраққа 157 студент жауап берген.

- ✓ Жағымды – 68,8%, яғни, 108 студент жауап берген.
- ✓ Нейтралды – 29,9%, 47 студент жауап берген.
- ✓ Жағымсыз – 1,3%, 2 студент жауап берген.

Диаграммаға қарар болсақ, университеттің адамгершілік атмосферасының жағымды болғанын көруге болады. Дегенмен де, 29,9% нейтралды деп жауап бергенін ескеру керек. Бұл да аз көрсеткіш емес, жауап бергендердің үштен біріне аздап жетпейді. Нақты осы топтармен арнайы жұмыс істеу қажет, олардың нейтралды болуларының себептерін біліп, оларды университетіміздің жағымды белсенді мүшесі болуына жағдай жасау алда тұрған мәселе.


6. Егер жағымсыз деген болсаңыз, неге? (6 ответов)

- ✓ Бәрі жақсы - 50%

- ✓ Белгісіз – 33,3%
- ✓ Білімгерлердің мәдени тұрғыдан өздерін ұстауы – 11,7%

Студенттердің пікірлерін оқып қарасақ, олардың жартысы универдің атмосферасының жағымды деп санайды. Сонымен қатар студенттердің өздеріне де арналған талаптар бар. Олар өздеріне сыни көзбен қарауды және осыған байланысты қоғамда өздерін дұрыс ұстауларын ұсынған.

7. Сіздің ойыңызша келесі қарым - қатынастар қандай? (әр жолға жауап беріңіз)



Білімгерлер арасында:

- ✓ Мейірімді – 65%, 94 студент
- ✓ Мейірімсізден көрі мейірімді – 30,8%, 44 студент
- ✓ Мейірімдіден көрі мейірімсіз – 2%, 3 студент
- ✓ Мейірімсіз - 0 студент
- ✓ Жауап беруге қиналамын – 1,4%, 2 студент

Оқытушы мен білімгер арасында (оқу барысында):

- ✓ Мейірімді -65,2%, 92 студент
- ✓ Мейірімсізден көрі мейірімді – 29,2%, 41 студент
- ✓ Мейірімдіден көрі мейірімсіз – 2,8%, 4 студент
- ✓ Мейірімсіз – 2,1%, 3 студент
- ✓ Жауап беруге қиналамын – 0,7%, 1 студент

Оқытушы мен білімгер арасында (оқу барысынан тыс)

- ✓ Мейірімді -66,4%, 93 студент
- ✓ Мейірімсізден көрі мейірімді – 27,8%, 39 студент
- ✓ Мейірімдіден көрі мейірімсіз – 4,4%, 6 студент
- ✓ Мейірімсіз – 0,7%, 1 студент
- ✓ Жауап беруге қиналамын – 0,7%, 1 студент

Басшылық пен білімгер арасында

- ✓ Мейрімді -53,2%, 74 студент
- ✓ Мейірімсізден көрі мейірімді –38,8%, 54 студент
- ✓ Мейірімдіден көрі мейірімсіз –5,7%, 8 студент
- ✓ Мейірімсіз –0,7%, 1 студент
- ✓ Жауап беруге қиналамын – 1,6%, 2 студент

Білімгерлер мен әдіскерлер, лаборанттар арасында

- ✓ Мейірімді - 57,6%, 80 студент
- ✓ Мейірімсізден көрі мейірімді –38,8%, 47 студент
- ✓ Мейірімдіден көрі мейірімсіз –5,7%, 6 студент
- ✓ Мейірімсіз –1,4%, 2 студент
- ✓ Жауап беруге қиналамын –2,9%, 4 студент

Бұл жауаптарға қарап, университетіміздің ең үлкен жетістіктерінің бірі деп оқытушы, басшылық, әдістемелік және лаборанттар білімгермен қарым-қатынасының мейірімді екенін респонденттердің басым бөлігі атап көрсеткен. Және де бұндай қарым - қатынас оқу барысында ғана емес оқудан тыс жерлерде екені қуанарлық жай.

8. Білімгерлердің шығармашылығы үшін университеттегі жағдай қаншалықты жағымды?

(141 ответ)




141 студент жауап берген.

- ✓ Өте жағымды, шығармашылыққа жетелейді – 39,7%
- ✓ Жағымсыздан көрі жағымдырақ – 34,8%
- ✓ Нейтралды, ешкім ешкімге көмектеспейді де кедергі жасамайды – 17,9%
- ✓ Жағымдыдан көрі жағымсыз – 2,8%
- ✓ Жағымсыз – 0,7%
- ✓ Жауап беруге қиналамын – 4,3%

Білімгерлердің шығармашылығы үшін университетте жағдай жағымды

дегендердің саны тек 40% құрайды. Бұл мәселе де ойландыратын және де арнайы зерттеуді қажет етеді.

9. Келесі сұрақтарға байланысты білімгерлердің пікірі есепке алынады ма? (әр жолға жауап беріңіз)



Оқу үрдістің ұйымдастырылуы:

- ✓ Толығымен есепке алады – 46,5%, 59 студент
- ✓ Ішінара есепке алынады – 38,6%, 49 студент
- ✓ Есепке алынбайды – 12,6%, 16 студент
- ✓ Жауап беруге қиналамын – 2,3%, 3 студент

Бос уақытты өткізу шаралары:

- ✓ Толығымен есепке алады – 48,1%, 64 студент
- ✓ Ішінара есепке алынады – 40,6%, 54 студент
- ✓ Есепке алынбайды – 11,3%, 15 студент
- ✓ Жауап беруге қиналамын – 0 студент

Тәрбиелік жұмыстардың жүргізілуі:

- ✓ Толығымен есепке алады – 46,8%, 58 студент
- ✓ Ішінара есепке алынады – 41,9%, 52 студент
- ✓ Есепке алынбайды – 10,5%, 13 студент
- ✓ Жауап беруге қиналамын – 0,8%, 1 студент


Білімгерлерге арналған ғылыми конференциялар мен жарыстар:

- ✓ Толығымен есепке алады – 44,3%, 55 студент
- ✓ Ішінара есепке алынады – 44,3%, 55 студент
- ✓ Есепке алынбайды – 8,9%, 11 студент
- ✓ Жауап беруге қиналамын – 2,5%, 3 студент

Бұл жауаптарға қарап, университетімізде оқу үрдісінің, бос уақытты өткізу шараларының, тәрбиелік жұмыстардың, ғылыми конференциялар мен жарыстардың ұйымдастырылуы барысында білімгерлердің ойы мен ұсыныстары басым жағдайда толығымен есепке алынатынын дейтіндер

респонденттердің жартысын да құрамай тұр. Сонымен қатар есепке алынбайды деушілер де 10-12% құрайды. 40-45% ішнара қанағатанушы болуы да мәселені терең зерттеу қажет ететінін алға тартып тұр.

10. Студенттік өмір – бұл тек қана оқу емес. Қатысып көрдіңіз бе?



Білімгерлердің ғылыми конференцияларына (127 студент жауап берген)

- ✓ Ия - 48.8%
- ✓ Жоқ – 51.2%

Кештер мен мерекелердің ұйымдастырылуына (129 студент жауап берген)

- ✓ Ия – 69.8%
- ✓ Жоқ – 30.2%

Дискотекалардың ұйымдастырылуына (119 студент жауап берген)

- ✓ Ия – 22.7%
- ✓ Жоқ – 77.3%

Спорттық жарыстарға (127 студент жауап берген)


- ✓ Ия – 47.3%
- ✓ Жоқ – 52.7%

Білімгерлердің ақылдасу отырыстарына (125 студент жауап берген)

- ✓ Ия – 51.2%
- ✓ Жоқ – 48.8%

Білімгерлердің ғылыми конференцияларға, спорттық жарыстарға және дискотекаларды ұйымдастыруға жартысынан көбінің қатыспайтындарын көреміз. Бұлардың барлығының мәселелерін шешу үшін арнайы зерттеуді талап етеді.

11. Қазіргі уақытта университетте қандай тәрбие салаларын жетілдіру керек және қандайлары бар?



Патриоттық (125 студент жауап берген)

- ✓ Дамыту керек – 73,6%
- ✓ Жетілдіруді қажет етпейді – 26,4%

Ұлтаралық (95 студент жауап берген)

- ✓ Дамыту керек – 56,8%
- ✓ Жетілдіруді қажет етпейді – 43,2%

Адамгершілік (117 студент жауап берген)

- ✓ Дамыту керек – 56,4%
- ✓ Жетілдіруді қажет етпейді – 43,6%

Эстетикалық (94 студент жауап берген)

- ✓ Дамыту керек – 58,5%
- ✓ Жетілдіруді қажет етпейді – 41,5%

Экологиялық (94 студент жауап берген)

- ✓ Дамыту керек – 59,6%
- ✓ Жетілдіруді қажет етпейді – 40,4%

Денешынықтырулық (109 студент жауап берген)

- ✓ Дамыту керек – 65,1%
- ✓ Жетілдіруді қажет етпейді – 34,9%

Діни (101 студент жауап берген)

- ✓ Дамыту керек – 49,5%
- ✓ Жетілдіруді қажет етпейді – 50,5%

Экономикалық (89 студент жауап берген)

- ✓ Дамыту керек – 67,4%
- ✓ Жетілдіруді қажет етпейді – 32,6%

Құқықтық (101 студент жауап берген)

- ✓ Дамыту керек – 73,3%

- ✓ Жетілдіруді қажет етпейді – 26,7%

Отбасылық- тұрмыстық (95 студент жауап берген)

- ✓ Дамыту керек – 60,5%
- ✓ Жетілдіруді қажет етпейді – 30,5%
- ✓ Берілген жауаптарға қарай дамыту қажет деген салаларды реттеп,

олардың орнын анықтайық.

- ✓ 1.Патриоттық (73,6)
- ✓ 2.Құқықтық (73,3)
- ✓ 3.Экономикалық (67,4)
- ✓ 4.Денешынықтырулық (65,1)
- ✓ 5.Отбасылық – тұрмыстық (60,5)
- ✓ 6.Экологиялық (59,6)
- ✓ 7.Эстетикалық (58,5)
- ✓ 8.Ұлтаралық (56,8)

Тек қана діни саланы дамыту қажет дегендер мен қажет етпейді дегендер тең болып отыр.

- ✓ Осы нақты салаларды дамыту арнайы жоспарлау саясатын қажет етеді.

✓ Және де респонденттердің пікірлерін ескере отырып олардың арасындағы ретіне сай іс - шаралар жүргізу қажет. Алдыңғы бестікке кіретін салалар ең маңыздысы болып тұр. Олар: патриоттық, құқықтық, экономикалық, денешынықтырулық, отбасылық.

✓ Айырықша айта кетерлік жай ол құқықтық, экономикалық және отбасылық – тұрмыстық деген салалардың ең негізді дегендердің қатарынан шығуы. Осыған байланысты университет әкімшілігі арнайы стратегиялық жоспарлар құрып, оны кезең - кезеңде атқаруына Жол картасын жасаулары қажет. Бұл салалар бұрынғы кеңестік заманда мүлдем қарастырылмайтын, сондықтан оларды заман талабына сай сұраныс деп біліп, мұқият зерттеп және де университеттің өркедеуінің негізгі көрсеткіштері деп есептеуі қажет.

12. Университетте білімгерлер тәрбиесіне байланысты қандай мәселелер бар екенін көрсетіңіз?

(10 ответов)


10 студент жауап берген.

- ✓ Мәселе жоқ-50% яғни, 5 студент жауап берген.
- ✓ Мұғалімге ұсыныс-30% яғни, 3 студент жауап берген.
- ✓ Басқа-20% яғни, 2 студент жауап берген.
- ✓ Студенттердің мұғалімдерге ұсыныстары мынадай:
- ✓ Сабаққа кешікпей келуі жайлы;
- ✓ Студенттердің барлығына бірдей қарау (Тең

- ✓ дәрежеде қарау);
✓ Студенттерден талап етілген мәселелер, үлкендерге сыйластықпен қарау.

13. СДУдың қандай мүмкіндіктерін сіз өзіңіздің жетілуіңіз үшін қолданасыз?

(143 ответа)




143 студент жауап берген.

- ✓ Спорттық бөлімдер- 16,8%
- ✓ Шығармашылық клубтар-11,9%
- ✓ Білім беру курстары-21%
- ✓ Би клубтары-7%
- ✓ Факультет ішіндегі іс-шаралар-18,9%
- ✓ Ештеңе қолданбаймын-22,4%
- ✓ Басқа-2,1%

СДУ білімгерлерінің өздерін жетілдіру үшін университетің еш мүмкіншіліктерін қолданбаймын дегендер жеке шаралар ішінен ең бірінші орында тұр, яғни әрбір 4,5 студент. Бұл үлкен жағымсыз дерек. Мұны да арнайы терең зерттеп , мәселелерді шешу керек.

14. Осы оқу жылында білімгерлерге арналған қай іс шаралар қызықты әрі пайдалы болды?

(132 ответа)




Бұл сауалнамаға 132 студент жауап берген.

- ✓ Студенттік конференциялар- 36 студент жауап берген, 27,3% құрайды.
- ✓ Атақты адамдармен кездесу - 72 студент жауап берген, 54,5% құрайды.
- ✓ Спорттық іс-шаралар- 32 студент жауап берген яғни, 24,2% құрады.
- ✓ Қайырымдылық іс-шаралар- 65 студент жауап берген, яғни, 49,2% құрайды.
- ✓ Басқа- 1 студент жауап берген, яғни, 0,8% құрады.

Нәтижелерін сараптай келе, университеттің білімгерлерге арналған «Атақты адамдармен кездесу» іс-шарасы пайдалы әрі қызықты болғанын айтуға болады. Және де университетіміздің бірнеше клубтарының өткізген қайырымдылық іс-шаралары да пайдалы болғанын ескере кету керек.

15. Университетімізде жеке тұлға ретінде жетілу мен тәрбие үшін жағдайлар жеткілікті жасалды деп санайсыз ба?

(140 ответов)



Бұл сұраққа 140 студент жауап берген.

- ✓ Толықтай жеткілікті-35,7%
- ✓ Ішінара жеткілікті-50%
- ✓ Жеткіліксіз-11,4%
- ✓ Жауап беруге қиналамын-2,9%

16. Университетте жеке тұлға ретінде толық даму үшін жағдайлар керек?

(22 ответа)

- ✓ Білім сапасы жоғарлауына байланысты техникамен толықтыру;
- ✓ Діни іс-шаралар;
 - ✓ Спорттық, кітап қоры;
 - ✓ Патриоттық сезім;
 - ✓ Психолог, мотиваторлардың кеңесі. Сабақтар көп;
 - ✓ Кафедра басшылар оқу жоспарын реттеу;
 - ✓ Лекция өтілетін кабинеттерге микрофон керек;
 - ✓ Дизайн центр ашылу мүмкіншілігі;
 - ✓ Студенттерге университет аясында өз идеясын жүзеге асыруға қолдау көрсету;
- ✓ Адамгершілік;
- ✓ Кампусты толық салып бітірсе;
- ✓ Психологпен жеке сөйлесуді ұйымдастыру әр студентке;
- ✓ Менің ойымша студенттер профессорлардан, атақты адамдардан, табысты адамдардан және діни адамдардан көп ақыл-кеңестер алып, кездесулер өткізу керек деп ойлаймын.

Бұл студенттердің тұлға ретінде дамулары үшін ұсыныстары. Әр тұлғаның қажеттіліктері әр түрлі болғандықтан ұсыныстардың да көп және бір біріне ұқсамайтынын байқауға болады.

Зерттеуден шығатын қорытынды: студенттердің пікірлерін мұқият қарастырып, олар қойған мәселерді шешуге тырысу. Ал әзірше студенттер арасында сауалнама өткізіледі, бірақ онда қойылған мәселелер сол қалпы да қалады деген пікір басым боп тұр. Соның әсері сауалнама жүргізгенде алдымыздан шығып отырды. Сауалнама өте ұзақ жүргізілді, студенттер жағынан ынтазарлық болмады. Біздің түсінігімізше, бұл кешегі әкімшілік басқару жүйенің әлде болса санада, дәстүрде қалған қалдығы. Оны жеңудің жолы- сауалнамаларды жүйелі өткізіп отыру және де ондағы алынған деректерді мұқият талдап, қойылған мәселелерді шешуге тырысу, бүкіл іс – шаралар жарияланып, көпшіліктің бақылауында болуы.

Социологиялық зерттеулерді қазіргі қоғамның өте маңызды әлеуметтік күші деп түсіну қажет. Бұл заман талабы.

I.A. Aitimbet¹, L.N. Kassymova¹

¹Suleyman Demirel University, Kaskelen, Kazakhstan

PROBLEMS OF DEVELOPMENT OF PERSONAL QUALITIES OF STUDENTS (ON THE BASIS OF THE ANALYSIS OF SOCIOLOGICAL RESEARCH)

Abstract: the article SDU student, speciality masters hardens life in life in creases important mountain range investigates through majority look first on the given site. That interior educational and me court student public relation, university winning value, personality quality develops hardens solidarity, majority in quality masters question exact fact through, comes into question. Consult and also industries, that quite is not taken into account on a pore, wellife went out, rose on level of, look through it questionnaire.

Keywords: Personality, right, opinion, creatively, economically, knowledge, coulisse, studie, values, family - an economy.

И. Айтимбет¹, Л.Н. Касымова¹

¹Университет имени Сулеймана Демиреля, Каскелен, Казахстан

ПРОБЛЕМЫ РАЗВИТИЯ ЛИЧНОСТНЫХ КАЧЕСТВ СТУДЕНТОВ (НА ОСНОВЕ АНАЛИЗА СОЦИОЛОГИЧЕСКИХ ИССЛЕДОВАНИЙ)

Аннотация: В статье впервые представлены результаты научного социологического исследования образовательной деятельности студентов Университета имени Сулеймана Демиреля, различные стороны их общественной и личной жизни, виды и формы получения специальностей. Представлен анализ поведения студентов как в учебном процессе вуза, так и во внеучебном. Их связь с общественными организациями, поведение в обществе, отношение к университету, к его коллективу, личные качества обучающихся, способы их проявления и перспективы дальнейшего развития. Наряду с этими вопросами, были рассмотрены и другие, связанные с разработкой эффективных методов и путей саморазвития студентов в целях их успешной социализации.

Ключевые слова: Личность, право, мнение, творчество, экономика, образование, обучение, ценности, семейные и экономические отношения.

FTAXP 04.61

І. Әйтiмбет¹, Л. Қасымова¹